АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 2
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№ 2 ИМ. АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ»
г. СТЕПНОГОРСК ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО г. СТЕПНОГОРСК УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023 г. 20 сәуір № 127

**2022-2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарында
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына, Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі №172 бұйрығына, Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі №171 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай кезеңдері бекітілсін:
1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2023 жылғы 31 мамыр;
2) 9 (10) сынып білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін;
3) 11 (12) сынып білім алушылардың қортынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін;
4) Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

**9 (10) сынып оқушылары үшін:**
1) қазақ/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусымда;
2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусымда;
3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусымда;
4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусымда.

Scanned by TapScanner

**11 (12) сынып оқушылары үшін:**

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусымда;
2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусымда;
3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусымда;
4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусымда;
5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2023 жылғы 19 маусымда.

2. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.

3. Басшының ОТЖ орынбасары Д. М. Абдилова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізіміндегі №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін;

4. Басшының ОТЖ орынбасары Д. М. Абдилова 2022-2023 оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етсін:

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшының ОТЖ орынбасары Д. М. Абдиловаға жүктелсін.

Басшы А. Капизина

Орынд. Д. Абдилова

Scanned by TapScanner